

FTAXP 06.52.17

ӘОЖ 338.48

JEL I32

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-2-289-301>

А.А. ОРЫНБАСАРОВА,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: oryn_a@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4457-0481

А.А. АМАНБАЕВА,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: asema.31.1983@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7459-250X

Б.А. КАЛИЯСКАРОВА,^{*2}

Э.ғ.м., аға оқытушы.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000-0000-0003-4745-9495

¹Әлихан Бөкейхан университеті,

Семей қ., Қазақстан

²Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДЕГІ КРЕАТИВТІ ТУРИЗМНІҢ ӘСЕРІ

Андатпа

Зерттеліп отырған мақаланың мақсаты – инклюзивті экономикалық өсудегі креативті туризмнің әсерін зерттеу. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ТМД елдері мен басқа мемлекеттердің зерттеушілерінің ғылыми жұмыстарын талдау негізінде инклюзивті даму мен креативті өсу мағыналарына авторлық сипаттама беріледі. Зерттеу барысында аталған ұғымдардың тұжырымдамасы мен көрсеткіштердің әсер ету шамасы және инклюзивті экономикалық өсу бағытына әсер ететін басым көрсеткіштердің деңгейі анықталады. Сонымен қатар, инклюзивті экономикалық өсудің даму бағыттарын зерттеуде креативті туризмді дамытуға қажетті реттеу тетіктері ұсынылады. Мақаланың өзектілігі – әлем елдерінің инклюзивті экономикалық өсудегі туризмнің қарқынды дамуы Біріккен Ұлттар Ұйымы, Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы, Әлемдік банк және әлем зерттеушілерінің басты тақырыптарына айналып отырғандығында. Креативті туризмнің дамуы мемлекеттердің жалпы ішкі өнімінің үлесінің артуына әкеледі. Осыған орай, 2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасы да креативті экономика бағытындағы креативті туризмнің инклюзивті жолымен дамуын қолға алды. Мақаланы зерттеу барысында түрлі тұрақтылық көрсеткіштерін талдау, зерттеліп отырған көрсеткіштердің орташа арифметикалық бағасы мен олардың үлес салмағының маңыздылығы, экономикалық және статистикалық талдау, жалпылау, салыстыру әдістері қолданылды. Қорытындылай отырып, бірнеше көрсеткіштердің жалпы тұрақтылыққа әсерінің әртүрлілігі анықталып, туризмді дамытуда инклюзивті көрсеткіштердің басымдылық салмағы анықталады. Алынған нәтижелер арқылы туризмді дамытуда қажетті деңгейді қамтамасыз етуде біріктіру және жүйелеу құралы ретінде кешенді тәсілдер ұсынылады.

Тірек сөздер: креативті туризм, инклюзивті даму, аймақтар, тренд, көрсеткіштер, туризм.

Кіріспе

Туризм саласы әлем бойынша жұмыссыз азаматтарды жұмыспен және табыспен қамтып отырған бағыттардың бірі. Туризмнің дамуының арқасында оның бірнеше түрлері пайда болды.

Жаһандану уақытында пайда болған креативті туризм жаңа бағыттағы тренд. Жалпы туризм сферасының дамуындағы синергиялық серпіннің болуы ішкі нарықтағы туризмнің дамуына әкеледі. Нәтижесінде, инвестицияның өсуіне, қоғамның дамуына, экономиканың диверсификациясына, жастарға болашаққа қажетті білім алуына және креативті экономика негізінде орнықты және инклюзивті дамуға қол жеткізе аламыз.

Мемлекет ішінде креативті экономиканың дамуына байланысты, оны дамытатын қызметтің түрлерінің қалыптасуына, атап айтқанда дизайнер, кино, сәулетші, өнер мен музыка салалары, акпараттық технология саласы, ұлттық қолөнершілер, ұлттық брендтің жандануына әсер етеді. Креативті экономика дамыған сайын мемлекеттің ЖІӨ-де өседі.

Қазақстан Республикасында туризм саласын дамыту мақсатында 2001 ж. Заңнама [1], іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан республикасының 2019–2025 жж. туризм сферасын дамытуда Мемлекеттік бағдарлама бекітілді [2].

Республика ішінде туризм сферасын қажетті мамандарды дайындау мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістанда 2020 ж. Туризм және қонақжайлылық оқу орны өз жұмысын бастап кетті [3]. Сонымен қатар ішкі туризмді қолдау мақсатында, жанұялық туризмді дамыту үшін, мемлекет тарапынан қаржыландыру, яғни, субсидиялау аясында Кидс Гоу Фри бағдарламасы арқылы 16 жасқа дейінгі балаларға тасмалдау жолақысына мемлекет тарапынан қаржыландыру шаралары жүзеге асырылуда [3].

2022 ж. Әділетті мемлекет. Берекелі қоғам аясындағы ҚР-ның президенті Қ.Тоқаевтың Халыққа жолдауында қоғамның әлеуметтік мәселелері мен инклюзивті бағытта дамуын атап өткен еді [4].

2023 ж. Қазақстан Республикасының экономикалық бағытында ҚР-ның Президенті Жолдауында экономикалық бағыттарды, яғни, әділеттілік пен инклюзивті дамуды қағидаттары аталған [5].

Экономиканы диверсификациялау мақсатында Қазақстан 2021 жылы диверсификациялау бағытын жолға қойылып, ЖІӨ-гі туризмнің үлес салмағын арттыруда республикамыздың инклюзивті бағытта дамуы мақаланың өзектілігін арттырады.

Әлем бойынша ЖІӨ-гі креативті туризмнің үлес салмағы 3 пайызды құрады, ал дамыған мемлекеттердің үлесі 12 пайыздан асып кетті. Қазақстанның креативті туризмді дамытудағы іс-шаралардың негізінде ЖІӨ-гі үлесі 2,6 пайызды құрап отыр [6].

Зерттеу жұмысының негізі мақсаты жаһандану уақытсындағы креативті туризмнің инклюзивті бағытта дамуы негізіндегі даму үлгісін құру және қарастырылып отырған индикаторлардың тұрақтылыққа әсерін анықтау.

Аталған мақсаттар аясында келесідей міндеттер орын алады:

- 1) инклюзивту дамудың өзектілігіне орай, аталған ұғымды толығымен зерттеу және креативті даму мағынасына әлемдік ғалымдардың зерттеу жұмыстары негізінде талдау жүргізу;
- 2) инклюзивті даму мен креативті өсу ұғымдарына зерттеуші авторлардың анықтама беруі;
- 3) мақалада қарастырылып отырған индикаторлардың инклюзивті дамуға әсерін анықтау және түрлі индикаторлардың үлесіндегі маңыздылықты есептеу;
- 4) инклюзивті экономикалық дамудың үлгісі негізінде ішкі туризмді арттыру үшін қажетті тетіктерді ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Туризм субъектілерінің креативті туризм бағытын дамытуда және жүзеге асыруда қажетті құралдарды да жетілдірілуде.

1-суретте креативті туризмді дамытушы нарық субъектілерінің қажетті құралдары берілген.

Креативті туризмді дамытушы нарық субъектілерінің қажетті құралдары:		
Мәдени қажеттіліктер, креативті туризмді дамытудағы тәжірибеге:		
Туризмді дамыту үшін не бар?	Біз оны қалай жүзеге асыра аламыз?	Не жасау қажет?
<ul style="list-style-type: none"> ♦ Адами капиталды пайдалану арқылы, яғни халықтың өсімі негізінде; ♦ Сауаттылықты арттыру негізінде, яғни сапалы білім арқылы; 	<ul style="list-style-type: none"> ♦ Креативті ұғымын дұрыс түсну арқылы, она тиімді пайдалану, яғни ұлттық-дәстүрдегі құралдарды қолдану арқылы; 	<ul style="list-style-type: none"> ♦ Ішкі ресурстарды, яғни ішкі потенциалды, ішкі артықшылықтар арқылы, яғни экоресурстары арқылы;

Сурет 1 – Креативті туризмді дамытушы нарық субъектілерінің қажетті құралдары

Ескертпе: [7] дереккөз негізінде авторлармен әзірленген.

Мәдени қажеттіліктер, мәдени ресурстар, креативті туризмді дамытушы нарық субъектілерінің қажетті қралдарын нарық субъектілері негізінде пайдалану Грег Ричардстың ғылыми жұмысында аталған үш сұраққа жауап іздеу арқылы түсіндіреді [7].

БҰҰ, ЭЫЖДҰ, ХЭФ-ы дайындаған инклюзивті даму индикаторлары 2-суретте қарастырылады.

Инклюзивті даму индикаторлары		
БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы)	ЭЫЖДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және Даму Ұйымы)	ХЭФ (Халықаралық Экономикалық Форум)
Интеграцияланған құралдарға: - Экологиялық шоттар жүйесі; - Экономикалық шоттар жүйесі; Яғни, ынтымақтастықты дамытуға бағыттылаған.	Сапалы өмір индексі: (экономикалық және әлеуметтік индикаторлар)	Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (333 бәсекелестік индикаторлары)
		Әлеуметтік прогресс индексі (АҚШ ғалымы М.Портердің 52 индикаторлары)
Адам потенциалының даму индексі: (қауіпсіздік шаралары)		Инклюзивті даму индексі (барлық субъектілердің қамтылуы)

Сурет 2 – БҰҰ, ЭЫЖДҰ, ХЭФ-ы дайындаған инклюзивті даму индикаторлары

Ескертпе: [8] дереккөз негізінде авторлармен әзірлеген.

Үлкен жетілік елдерінің даму бағыттары тұрақты (орнықты) даму «анықталған өлшемдер» негізінде жүзеге асырылуда. Анықталған өлшемдерге әлеуметтік индикаторлар ғана емес, экономикалық өлшеуіштер, экологиялық, технологиялық, мәдени және басқа факторлар қамтылады.

Инклюзивті даму концепциясын әзірлеу шетелдік ғалымдардың теорияларында, даму үдерісіндегі теңсіздікті талдауда, оны мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы өзара әрекеттестіктің институционалдық тізбегі арқылы байланыстыруға ұмтылады [9–13].



Сурет 3 – Инклюзивті даму тұжырымдамасын әзірлеуге дейінгі теориялар

Ескертпе: [9–13] дереккөз негізінде авторлармен әзірлеген.

Әлемдегі инклюзивті қоғамның дамуын зерттеуші американдық ғалым М.Портердің «Әлеуметтік даму индексіне» сәйкес 2011–2022 жж. аралығындағы тұрақты өсуден кейін, 2023 жылдан бастап әлемдік экономикада алғаш рет құлдырау фазасы орын алды. Даму индексі 2022 жылғы 63,75 индексінен 2023 ж. 63,44 индексіне дейін төмендеді. Аталған индекс негізінде мемлекет ішіндегі экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер арасындағы байланысты, мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік даму индексі мен мемлекеттің ЖІӨ арасындағы корреляциялық байланысты көрсетеді.

Қазақстан республикасының 2023 ж. «Әлеуметтің даму индексі» 69,73 (63 орында) және адам басына шаққандағы ЖІӨ 26 долл. тең (51 орында). Инклюзивті қоғам көрсеткіші бойынша 48,47 дәрежесіне тең, яғни 110 орында (170 мемлекет ішінде). Статистика мәліметтеріне сүйене отырып, әлемде инклюзивті даму үдерісінің баяулығы байқалады. Әлем бойынша құлдыраудың негізгі себебі: денсаулық сақтау, білімнің, құқық, ақпараттармен қамтылуы, өзара коммуникацияның төмендеуі болып отыр [14]. Инклюзивті даму үдерісінің белсенділігін арттыру, даму үдерісіндегі синергиялық әсері негізінде туризм саласының жан-жақты дамуына әсерін айта кеткен жөн.

Қазақстан 2021 жылдан бастап креативті туризмге бағыт алғаны белгілі. Креативті туризмді дамытуда қажетті мамандардың тапшылығын толтыру мақсатында 43-тен аса қызмет түрлері, әртүрлі салалар бойынша: музыка, сән, ақпараттық технология және басқа да сфералар құрамын енеді.

2023 жылғы Халықаралық Астан Форумындағы ақпараттарға сәйкес, 2023 ж. 100 мыңға жуық адам жұмысбасты болып, 31 мыңнан аса адам кәсіпкерлер санын арттырса, 33,3 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған. ҚР-ң Экономика министрлігінің болжамына сәйкес, креативті туризмнің ЖІӨ-гі үлес салмағы 3 пайызға өсуін жоспарлап отыр [6].

4-суретте Қазақстан Республикасының 2023 жылғы креативті экономиканы дамыту мақсатындағы жүзеге асырылған ауқымды Ұлттық жобалар берілген.

Сурет 4 – Қазақстан Республикасының креативті экономиканы дамытуда жүзеге асырылған Ұлттық жобалар, 2023 ж.

Жобаның атауы	Жобаның негізі мақсаты
Ұлттық теледидар бәйгесі – Тұмар.	Жобаға қатысушыларға берілетін сыйлықтың мақсаты: Қазақстанның теле индустриясының дамуы;
Ұлттық сыйлық – Үркер.	Үркер сыйлығы негізінде журналистика саласындағы талаттарды анықтау, журналистердің креативті экономикаға қосқан үлесін жариялау;
Астана медиа апта.	Медиа индустриясын дамыту: республикалық және өңірлік.
Орта Азияның медиа Форумы.	Медиа индустриясына жасанды интеллектіні енгізу, ақпараттық технологияны қолдану.
Наурыз – Ұлттық телехикая бәйгесі.	Осы бағыттағы контентті дамыту, онлайн платформалар арқылы телехикаяларды көрермендермен таныстыру.
Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.	

Мемлекеттің инклюзивті экономикалық өсуі қоғам ішіндегі барлық азаматтардың тең мүмкіндіктерінің болуы, осы арқылы әлеуметтік жағдайын көтеру, яғни, сапалы білім алу, денсаулықты қорғау, қауіпсіздік жағдайларына ие болу. Осы жағдайларға жету мақсатында ұзақ мерзімді стратегия қажет. Стратегияны әртүрлі индикаторлар негізінде жүзеге асырады. Сондықтан креативті туризмді дамытудағы инклюзивті индикаторларға: экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, демографиялық, технологиялық және мәдени түрлері 5-суретте қарастырылады.

Зерттеліп отырған аймақ бойынша 7 түрлі индикаторлардың тұрақтылық индикаторларын анықтау мақсатында аталған индикаторлардың орташа арифметикалық шамасы қажет. Зерттеу барысында берілген индикаторлар арқылы үлгі құрылды, себебі, осы индикаторлар негізінде туризм сферасының даму шамасымен байланысын біле аламыз. Осы талдау үлгісі негізінде туризмдегі инклюзивті дамудағы интегралды индикаторларды анықтау арқылы білуге болады.

Экономикалық индикаторларға:	
Индикаторлар атауы	Индикаторлардың түсініктемесі
Жалпы аймақтық өнім, негізгі капитал инвестициялары, орналастыру туристік қызметтері, Тамақтану сферасындағы Жалпы аймақтық өнім.	Мемлекеттің экономикалық индикаторларының артуы және инновациялық дамуы.
Әлеуметтік индикаторларға:	
Тамақтану қызметтері сферасындағы жұмысбастылық, жан басына шаққандағы номиналды кірістер, Джини коэфф., халықтың орташа жылдық саны.	Халықтың өмір-сүру сапасы мен әл-ауқаты.
Экологиялық индикаторларға:	
Ауаның ластануына жұмсалатын шығындар, атмосфераны қорғау шығындары. Аймақтар бойынша экожүйенің сақталуы.	
Технологиялық индикаторларға:	
Кәсіпорындардың инновация белсенділігі, қонақүйлердегі туристердің орналасудағы нөмірлер саны.	Жаңа инновациялық өнімдердің қолданылуы.
Аймақтық индикаторларға:	
Жалпы ішкі өнімдегі аймақтардың үлесі, Жалпы аймақтық өнім, қонақүйлердегі келушілер саны.	Облыстардағы даму қарқыны мен ауқымы
Демографиялық индикаторларға:	
Халық саны, туу коэфф. 1000 адамға шаққандағы.	Халық санының өсімі, өсуі.
Мәдени индикаторларға:	
Ұлттық бәйге, Ұлттық жобалар, түрлі фестивальдар.	Ұлттық мәдени брендті танымал ету.
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Сурет 5 – Туризмді дамытудағы инклюзивті индикаторлар жүйесі

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

1-кестедегі (294 б.) индикаторлардың өлшем бірліктеріндегі айырмашылықтарды алып тастап және дисперсияның 1-ге тең болуына әкелу мақсатында жалпы ауытқуға бөлу арқылы қажетті деректер нормаланады.

Негізгі ережелер

Жаһандану уақытсындағы негізгі тренд туризмді дамыту және осы бағыт арқылы ЖІӨ үлесін арттыру арқылы дамуға қол жеткізу. Туризмді дамыту мақсатында «Қазақстан республикасының 2023–2029 жж. туризмді дамыту тұжырымдамасы» қабылданып, туризм іс-шаралары тұжырымдама аясында жүзеге асырылуда [16]. Ішкі нарықта туризмнің дамуына синергиялық және мультипликативті әсерлердің негізінде туризм түрлерін және туризмнің инклюзивті тұрақты дамуы ерекше мәнге ие. Кретивті экономиканың бөлігі ретіндегі креативті туризм дегеніміз қоғамның тілдесудегі белсенділігін көтеру және шығармашылық жұмыстарын арттыру. Қорыта келе, инклюзивті экономикалық өсудегі креативті туризмнің дамуы қоғамның толығымен жұмысбастылығына әсер етуші бағыт. Аталған бағыт аймақтағы әлеуметтік және экономикалықдың шешемдеріне әсері зор.

Әдебиетке шолу

Әлемде креативті экономика, креативті туризмді және инклюзивті бағытта зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектерінен Қытай, Түркия, Еуропа, Ресей, отандық ғалымдардың еңбектерінен аймақтардың ішкі әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстарына талдау жасалды.

Кесте 1 – 2016–2023 жж. бойынша Қазақстанның инклюзивті даму индикаторларының жүйесі

аймақ	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	Экономикалық индикаторларға: жалпы аймақтық өнім, мың тг.							
	2 113.2	2 294.8	2 330.4	2 639.7	3 014.7	3 382.5	4 755.7	5 284.7
	орналастыру туристік қызметтер, мың тг.							
	59714164.2	72401941.1	72597228.3	82853434.6	108359760.4	103948256.9	120527162.1	130525262.3
	негізгі капитал инвестициялары, млн. тг.							
	6072687	6591482	7024709	7762303	8770572	11179036	15576793	17576665
	тамақтану сферасындағы Жалпы аймақтық өнім, млн. тг.							
	312826.6	366 505.8	420 185	528 771.4	645 467.1	703 857.5	793 329.6	801213.2
	Әлеуметтік индикаторларға: тамақтану қызметтері сферасындағы жұмысбастылық, мың адам.							
	139.01	167.26	174.22	170.88	191.94	187.65	196.92	202.20
	Джини коэф-ті, %.							
	0.275	0.277	0.277	0.278	0.286	0.286	0.89	0.291
	жан басына шаққандағы номиналды кірістер, тг.							
	56 453	62 271	67 321	76 575	83 710	93 135	124 282	135 546
	халықтың орташа жылдық саны, адам.							
	17 035 550	17 288 285	17 542 806	17 794 055	18 037 775	18 276 452	19 634 983	19 766 807
	Технологиялық индикаторларға: қонақүйлердің орын толуы, %.							
	27.35	23.13	22.80	22.70	25.00	23.20	23.70	23.96
	қонақүйлердегі туристердің орналасудағы нөмірлер саны, бірлік.							
	41197.00	49128.00	53126.00	60427.00	65791.00	71858.00	75913.00	78850.03
	қонақүйлердегі туристердің орналасудағы нөмірлер саны, %.							
	8.0	8.1	8.1	9.3	9.6	10.6	11.3	12.1
	Экология индикаторларына: Ауаның ластануына жұмсалатын шығындар, мың тг.							
	129093789.00	140578609	174650049.00	152205626.00	175445180.00	191015579.00	221670479.00	227685569.01
	атмосфераны қорғау шығындары, мың тн.							
	2282.70	2256.70	2180.00	2271.60	2357.80	2446.70	2483.10	2495.20
	Демография индикаторларына: Халық саны, мың адам.							
	16910246	17160855	17415715	17669896	18157337	19000987	19623564	19866807
	туу коэфф. 1000 адамға шаққандағы.							
	22.73	23.10	22.71	22.52	21.64	21.77	21.73	21.96
	Аймақтық индикаторларға: Жалпы ішкі өнімдегі аймақтардың үлесі, %							
	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0
	Жалпы және қонақүйлерге келушілер саны, адам							
	3 307 752	3 804 447	3 802 225	4 217 782	5 279 406	5 526 864	6 266 563	6 356 545
	Жалпы аймақтық өнім, млн. тг.							
	3599025.1	39675832.9	40884133.6	46971150.0	54378857.8	61819536.4	89532626.5	103765518.2
	Мәдени индикаторларға: Ұлттық бәйге, Ұлттық жобалар, түрлі фестивальдар ЖІӨ-гі үлесі, %.							
	1.4	1.4	1.5	1.7	1.9	2.4	2.5	2.6
Ескертпе: Авторлармен есептелген.								

Отандық және ресей ғалымдарының С. Мәжитова, И. Денисов, С. Петренконың ортақ ғылыми жұмысында макродеңгейдегі тетіктердің туризм индустриясына әсерін қарастырады. Қазақстан туризмінің кемшіліктері инфрақұрылым мен мамандардың жеткіліксіздігімен және туристік кластердің тапшылығымен байланыстылығын пайымдайды [17].

Отандық зерттеуші Г. Шілімбетованың еңбегінде республикамыздағы Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы креативті туризмнің даму потенциалы мен осы саладағы қызметтердің даму қарқыны талданады [18].

Постпандемия кезіндегі ішкі туризмнің дамуындағы қызығушылықты, сонымен қатар, әлемдік трендке айналған креативті туризмнің дамуындағы қауымдастықтардың жұмыстары мен адами ресурстардың рөлі қаралады [19].

Еуропа мемлекеттері ғалымдары Нэнси Дюксбару мен Фиона Бакас және басқалары креативті туризмді зерттей отырып, Креатур Жобасының туризмді дамытудағы рөлін ұлттық талдау арқылы 5 түрлі заңдылықтарға сүйену арқылы талдайды [20].

Грег Ричарс Нидерланд ғалымы креативті қала мен аймақтардың белсенділігін арттыруды талдайды. Қала мен аймақтарды дамытуда жергілікті аймақтың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескереді [21].

Түркия мен Швейцария зерттеушілері Ирем Инче Келлер мен Корай Велибейоглу Түркиядағы Измир қаласының Алачати аймағын зерттей отырып, креативті туризмді дамытудағы қиыншылықтарды, сырттан келетін теріс әсерлерді, кедергілерді талдайды [22].

Ли Пиерсе Кианг және Джейсон Коваш Қытай университетінің ғалымдары саяхат блогтары арқылы қытай жеріндегі креативті туризмді зерттейді. Қытай еліндегі Юнеско тізіміне енгізілген 14 қаланың тәжірибесін және саяхат платформасының жұмысын талдайды [23].

Әлемдік деңгейде зерттеліп жатқан креативті туризм бағытындағы әдебиетке шолуды қорытындылай келе, авторлар келесідей авторлық анықтама береді: креативті туризм дегеніміз саяхаттанушы немесе демалушы туристердің белсенділігін арттыру негізінде жұмысбастылықтың өсуіне, тұрақты табыс көзінің өсуіне, ішкі ұлттық колориттің өзгеруіне жаңа өзгеріс беретін мультипликативті әсері арқылы әлеуметтік және экономикалық индикаторлардың артуына әкелетін коллаборациялық фактор.

Ішкі креативті туризмді зерттеген ғылыми жұмыстарды қорыта келе, аталған бағыттың дамуына аймақтық ерекшеліктерін, жергілікті артықшылықтарды пайдалану пайдалану арқылы халық миграциясы, адами ресурстардың дамуы жағымды әсер береді, яғни сырттан капитал тартылады.

Зерттеуші авторлардың ойынша, креативті туризмнің дамуы кезінде кіші және орташа қалашықтардың даму серпіні артып, жағымды жақтардың басымдылығы айқындалады.

Нәтижелер мен талқылау

«Inclusiva growth» ұғымының мағынасы ағылшын тілінен аударғанда «Инклюзивті даму», яғни «барлығының қамтылуы», «қоғам ішіндегі адамдардың тыс қалмауы» деген мағынада айтылады. Инклюзивті даму ұғымы Халықаралық Ұйымдардың құжаттарындағы қаралатын өзекті тақырыптардың бірі. Инклюзивті дамудың үлесінің артуына байланысты макроэкономикалық деңгейдегі мәселелерді шешуде инклюзивті индикаторлар арқылы жүзеге асырылуда.

Мемлекеттер инклюзивті даму концепциясы негізінде ішкі сұрақтарды шешуде зерттеуде қарастырылып отырған 7 түрлі индикаторлар арқылы шешуге ұмтылады. Тізбектелген индикаторлар негізінде Қазақстанның инклюзивті тұрақты дамуына қол жеткізуіне, әр бағыт бойынша нормаланған мәндерінің орташа арифметикалық шамалары негізінде анықтай аламыз.

Берілген индикаторлардың әрбірінің жалпы тұрақтылыққа әсер ету шамасы әртүрлі, осы дифференциалдылықты зерттеу нәтижесін инклюзивті тұрақты дамудағы интегралды индикаторын анықтау арқылы білеміз. Тұрақты дамудың интегралды индикаторларын анықтау үшін 1 формуланы пайдаланамыз.

Кесте 2 – Әрбір бағыт бойынша инклюзивті тұрақты даму индикаторлары

аймақ	Экономикалық индикаторлар							
	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан республикасы	- 0.9716	- 0.9742	-0.4511	0.0055	0.1972	0.9672	1.2271	2286
	Әлеуметтік индикаторлар							
	-1.3829	-0.7368	-0.4552	-0.2456	0.6116	0.8884	1.3205	1.3225
	Технологиялық индикаторлар							
	-0.1459	-0.7496	-0.7091	-0.2306	0.4456	0.5024	0.8872	0.8952
	Экологиялық индикаторлар							
	0.9763	-0.8140	-0.3313	-0.5236	0.2295	0.8294	1.5862	1.5896
	Демографиялық индикаторлар							
	0.6497	0.4894	0.0680	-0.1346	-0.8650	-0.1233	0.0842	-0.0846
	Аймақтық индикаторлар							
	-0.4316	-0.1821	-0.1505	0.1386	0.6598	0.9339	1.3651	0.3668
	Мәдени индикаторлар							
	0.1375	0.0380	0.0327	0.1285	0.2059	0.2878	0.2878	0.2897
Ескертпе: Авторлармен есептелген.								

Инклюзивті тұрақты дамудың интегралды индикаторлары =

$$\begin{aligned}
 & X1 * \text{эк. инд.} + X2 * \text{эко. инд.} + X3 * \text{әлеу. инд.} + X4 * \text{айм. инд.} \\
 & = \frac{+X5 * \text{демог. инд.} + X6 * \text{техн. инд.} + X7 * \text{мәден. инд.}}{7} \quad (1)
 \end{aligned}$$

мұндағы;

X1 мен 7 аралығы – 7 түрлі индикаторлар және әрбір индикатордың үлес салмағы:

1) экономикалық индикатор – инклюзивті тұрақты дамуда мемлекеттің макроэкономикалық индикаторларының өсу үлесі;

2) экологиялық индикатор – инклюзивті тұрақты дамудағы аймақтардың экожүйенің сақталуына байланысты үлесі;

3) әлеуметтік индикатор – инклюзивті тұрақты дамудың халықтың өмір-сүру сапасы мен әл-ауқаты шамасының үлесі;

4) аймақтық индикатор – инклюзивті тұрақты дамуда облыстардағы даму қарқыны мен ауқымының үлесі;

5) демографиялық индикатор – инклюзивті тұрақты дамудың халық санының өсімі мен өсуіне байланысты үлесі;

6) технологиялық индикатор – инклюзивті тұрақты дамудың жаңа инновациялық өнімдердің қолданылуындағы үлесі;

7) мәдени индикатор – инклюзивті тұрақты дамудың ұлттық мәдени брендті танымал етудегі үлесі.

Қарастырылып отырған индикаторлар арқылы мемлекеттің дамуындағы рейтингтері мен индекстері, рейтинг шамасы негізінде қаралады және осы арқылы аймақтың даму дәрежесін біле аламыз.

Барлық индикаторлар бойынша әр бағыттың өлшемдерінің тұрақты, қалыпты шамаға жақындату мәндерінің орташа арифметикалық бағасы негізінде қарастырылады.

Индикаторлар ішіндегі басымдылық салмағын анықтауда берілген 7 индикатордың абсолюттік мәнінің үлесімен анықтаймыз және нәтижелерін 3-кестеде беріледі.

Кесте 3 – 2016–2023 жж. бойынша инклюзивті индикаторлардың басымдылық салмағы мен алынған нәтижелері

индикаторлар	Басымдылық салмағының нәтижелері							
	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы бойынша								
Экономикалық	0.2131	0.2468	0.282	0.00342	0.0654	0.2278	0.1895	0.1919
Өлеуметтік	0.3033	0.1866	0.2101	0.1920	0.2032	0.2092	0.2040	0.2070
Экологиялық	0.2141	0.2062	0.1529	0.4094	0.0763	0.1953	0.2451	0.2497
Аймақтық	0.0947	0.0460	0.0694	0.1083	0.2192	0.2201	0.2109	0.2140
Демография -қ	0.1424	0.1239	0.0313	0.1052	0.2874	0.0190	0.0129	0.0150
Технологиялық	0.0319	0.1901	0.3274	0.1803	0.1480	0.1183	0.1371	0.0103
Мәдени	0.126	0.0334	0.029	0.118	0.189	0.265	0.266	0.273
Ескертпе: Авторлармен есептелген.								

Берілген 1 формула негізінде Республика бойынша тұрақты инклюзивті дамудағы интегралдық индикаторларының шамасы 4-кестеде.

Кесте 4 – Қазақстан республикасы бойынша тұрақты инклюзивті дамудағы интегралдық индикаторларының мәнінің нәтижелері

Дамудағы интегралды индикаторлары	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
ҚР-сы	-0.1335	-0.1080	-0.0862	-0.0554	0.0184	0.1393	0.2276	0.2298
Ескертпе: Авторлармен есептелген.								

Қазақстан республикасы бойынша тұрақты инклюзивті дамудағы интегралдық индикаторларының мәнінің нәтижелеріне сәйкес мынадай қорытынды жасаймыз:

- 1) алынған нәтижелерге сәйкес даму үдерісі бойынша интегралдық индикаторлар шамасы 2020 жылдан бастап оң өлшемге теңесіп, республика ішіндегі өсу динамикасы анықталды;
- 2) зерттеліп отырған 2016–2023 жж. мемлекет ішіндегі тұрақты дамудағы интегралдық индикаторлары сызықтық өсуді көрсетіп отыр, ол дегеніміз жалпы өсу динамикасын түсіндіреді;
- 3) тұрақты дамудағы интегралды индикаторларды зерттеуде әрбір индикатордың жалпы тұрақтылық шамасына әсерінің түрлі екендігін көрсетеді.

Жалпы қорытындылай келе, зерттеліп отырған аймақ бойынша интегралды индикаторлардың нәтижесіне сәйкес аймақтың дамуындағы тұрақтылық шамасы туристік қызмет түрлерінің тұрақтылығына байланысты. Жалпы аймақты тұрақты дамытуда интегралды үлгі негізінде жергілікті жердің тұрақтылығы мен әртүрлі индикаторлардың синергиялық әсерімен байланыстылығы және осы арқылы жергілікті туризмді дамытуда басқа секторлардың қызметтерімен корреляциялық байланысын ескеру қажет.

Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, ішкі туризмді дамытуда тұрақты даму үлгісіндегі аймаққа керекті өсу деңгейіне қол жеткізу мақсатында қажетті тетіктерді тұжырымдауға болады. Туризмнің инклюзивті бағытта дамуы туристік аумақтардағы инфрақұрылымдардың жағдайына байланысты реттелуі қажет.

Жалпы туризмнің инклюзивті бағытта тұрақты және қауіпсіз дамуына және оның тарымдылығын арттыру мақсатында туризмді дамытушы департаменттері мен бөлімшелеріне бәсекеге қабілетті, халықаралық стандарттарға сай келетін аймақтардағы туристік қызмет түрлеріне бағыт беру үшін жалпы даму стратегиясы мен біртұтас негізде қамтамасыз етілуі

керек. Туризмдегі дамушы туризм департаменттерінің реттеу тетіктері туризм сферасындағы зерттеу бағыттарының басымдылық жақтары және бекітілген жоспарпарларымен жүргізілуі, сонымен қатар, аймақтардағы даму серіктестері негізінде туристік іс-шараларды тығыз үйлестіру арқылы жүргізуге бағытталғаны жөн.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу негізінде инклюзивті экономикалық өсудегі креативті туризмнің дамуында түрлі әсер етуші индикаторлардың басымдылығы және алынған нәтижелер арқылы реттеу тетіктерін тиімді пайдалануға қол жеткізуге болады.

Аталған іс-әрекеттер аймақтық қауіпсіз, инклюзивті тұрақты бағыттың дамуы әсерін тигізеді, осындай басым бағыттарды келесідей:

- ♦ зерттеу индикаторлар бойынша тұрақтылыққа қол жеткізу үшін сандық көрсеткіштен сапалық көрсеткішке басымдылық беру;

- ♦ жаһандық үрдістерге бейімделу мен тұрақтылықты арттыру мақсатында жаңа инновациялық және аймақтық іс-шаралардың тиімділігін арттыруда аймақтық синергиялық әсерді арттыру, туристік өнімдер бірегейлігін алға жылжыту;

- ♦ аймақтағы дифференциалдылықты азайту мен аймақтық қауымдастықтар мүмкіндіктерін арттыру;

- ♦ аймақтарда жыл бойы бизнестің мүмкіндіктеріне жол ашу мақсатында диверсификацияны жүзеге асыру арқылы, барлық бағыттағы туризмді дамытуда маусымдық туризм мәселесін шешу;

Сонымен, аймақтағы инклюзивті экономикалық өсудегі креативті туризмнің дамуына керекті деңгейге жетуде, стратегияны жүзеге асырушы туризм департаменттерінің аймақ ерекшеліктерінің ескерілуі негізде іс-шараларды жүргізудегі маңыздылығы ерекше болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «ҚР-ң туризм саласын дамыту» Заңнамасы. 2001 ж. 13 маусымы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_ (өтініш берілген күн: 14.05.2023)

2 «ҚР-ң туризм саласын 2019–2025 жылдары дамытуға бағытталған Мемлекеттік бағдарлама. 2019 жыл 31 мамыр № 360 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (өтініш берілген күні: 30.04.2022)

3 Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2023–2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 262. URL: <https://www.gov.kz/legalacts/details/P2300000262?lang=> (дата обращения: 18.05.2023)

4 «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев халыққа жолдауы. 2022 ж. 1 қыркүйек. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130> (өтініш берілген күн: 14.08.2022)

5 «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты». ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев халыққа жолдауы. 2023 ж. 1 қыркүйек. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva> (өтініш берілген күн: 18.11.2023).

6 О развитии креативной экономики в Казахстане. Министр национальной экономики. Международный форум. – Астана. 9 июня 2023. МНЭ РК. (дата обращения: 18.17.2023)

7 Richards G., Raymond C. (2000) Creative Tourism // ATLAS News. . Vol. 23. P. 16.

8 Richards G. (2021) Creative Placemaking Strategies in Smaller Communities // Creative Tourism in Smaller Communities: Place, Culture, and Local Representation / ed. by K. Scherf. Calgary: University of Calgary Press, P. 283.

9 Попов В., Омонов К., Наумов И.В., Верененникова А. Тенденции развития социальных наук инновации // Терра Экономикс. – 2018. – Т. 16. – № 3. – С. 35–59.

10 Coase R. The Nature of the Firm // Economica. 1937, vol. 4, no. 16, pp. 386–405; The Institutional Structure of Production // The American Economic Review. 1992, vol. 82, no. 4, pp. 713–719.

11 Azhemoglu D. Почему одни страны богатые, а другие бедные? Происхождение власти, процветания и нищеты / Пер. с англ. – М.: Издательство АСТ, 2017.

12 World Development Report 1997: The State in a Changing World. World Bank. Oxford University Press, 1997. P. 18.

- 13 Inclusive Green Growth. The Pathway to Sustainable Development. International Bank for Reconstruction and Development / International Development Association or The World Bank. 2012. (accessed: 15.02.2024)
- 14 Global Social Progress Index. 2024. URL: <https://www.socialprogress.org/2024-social-progress-index/> (accessed: 10.03.2024)
- 15 Министерство культуры и информации РК. Реализуемые проекты. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/projects/1?lang=ru> (дата обращения: 18.01.2024)
- 16 2023–2029 жылдарға бағытталған туризм саласын дамыту концепциясы». ҚР-ң Спорт және туризм Министрлігі. 2023 ж. 28 наурыз, № 262 қаулысы. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262 (өтініш берілген күн: 3.06.2023)
- 17 Денисов И.В., Петренко С.Е., Мажитова С.К., Шабалтина Л.В. Экономика впечатлений. Управление развитием туризма в Казахстане // Креативная экономика. – 2020. – Том 14. – № 12. – С. 3686–3696. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekonomika-vpechatleniy-upravlenie-razvitiem-turizma-v-kazahstane>
- 18 Шілімбетова Г.Т. Шығармашылық индустрияны дамыту Қазақстанды жаңғыртудың басым бағыты ретінде. Экономика журналы: стратегия және тәжірибе. – 2018. – № 1(45). – 140 б. URL: <https://esp.ieconom.kz/jour/article/view/158/154>
- 19 Логунцова И.В. Понятие креативного туризма и его развитие в городах и регионах России // Электронный Вестник МГУ. – 2022. – № 93. – С. 197.
- 20 Duxbury N., Bakas F., de Castro V., Silva S. Creative Tourism Development Models towards Sustainable and Regenerative Tourism // Sustainability. Licensee MDPI, Basel, Switzerland. 2021, no. 13(1). URL: <https://www.mdpi.com/journal/sustainability>, <https://www.mdpi.com/2071-1050/13/1/2>
- 21 Richards G. Designing creative places: The role of creative tourism // Annals of Tourism Research. Published by Elsevier Ltd. 2020. No. 85. P. 1029. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0160738320300669#bb0340>
- 22 Irem Ince Keller. Koray Velibeyoğlu. The rise and fall of the rural creative class: The case of Alaçatı // City, Culture and Society. 2021. Vol. 24. P. 100372. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1877916621000023>
- 23 Pierce Qiang Li, Jason F. Kovacs. Creative tourism and creative spaces in China // Leisure Studies. 2022. No. 41:2. P. 180–197.

REFERENCES

- 1 «QR-ñ turizm salasyň damyту» Zaňnamasy. 2001 j. 13 mausymy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_ (ötiniş berilgen kün: 14.05.2023). (In English).
- 2 «QR-ñ turizm salasyň 2019–2025 jyldary damyтуға baғыttalğan Memlekttik baғdarlama. 2019 jyl 31 mamyr No. 360 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (ötiniş berilgen kün: 30.04.2022). (In English).
- 3 Ob utverzhdenii Konceptii razvitija turistskoj otrasli Respubliki Kazahstan na 2023–2029 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 marta 2023 goda No. 262. URL: <https://www.gov.kz/legalacts/details/P2300000262?lang=> (data obrashheniya: 18.05.2023). (In Russian).
- 4 «Ädiletti memleket. Birtütas ült. Berekeli qoғam» QR Prezidenti Q.K. Toqaeв halyqqa joldauy. 2022 j. 1 qyrküiek. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130> (ötiniş berilgen kün: 14.08.2022)
- 5 «Ädil Qazaqstannyñ ekonomikalyq baғыtu». QR Prezidenti Q.K. Toqaeв halyqqa joldauy. 2023 j. 1 qyrküiek. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-> (ötiniş berilgen kün: 18.11.2023).
- 6 O razvitii kreativnoj jekonomiki v Kazahstane. Ministr nacional'noj jekonomiki. Mezhdunarodnyj forum. Astana. 9 ijunja 2023. MNJe RK. (data obrashheniya: 18.17.2023). (In Russian).
- 7 Richards G., Raymond C. Creative Tourism // ATLAS News. 2000. Vol. 23. P. 16. (In English).
- 8 Richards G. Creative Placemaking Strategies in Smaller Communities // Creative Tourism in Smaller Communities: Place, Culture, and Local Representation / ed. by K. Scherf. Calgary: University of Calgary Press, 2021. P. 283. (In English).
- 9 Popov V., Omonov K., Naumov I.V., Verenennikova A. (2018) Tendencii razvitija social'nyh nauk innovacii // Terra Jekonomiks. V. 16. No. 3. P. 35–59. (In Russian).
- 10 Coase R. (1937) The Nature of the Firm // Economica, vol. 4, no. 16, pp. 386–405; The Institutional Structure of Production // The American Economic Review. 1992, vol. 82, no. 4, pp. 713–719. (In English).
- 11 Azhemoglu D. (2017) Pochemu odni strany bogatye, a drugie bednye? Proishozhdenie vlasti, procvetaniya i nishhety / Per. s angl. M.: Izdatel'stvo AST, . (In English).

12 World Development Report 1997: The State in a Changing World. World Bank. Oxford University Press, 1997. P. 18. (In English).

13 Inclusive Green Growth. The Pathway to Sustainable Development. International Bank for Reconstruction and Development / International Development Association or The World Bank. 2012. (accessed: 15.02.2024). (In English).

14 Global Social Progress Index. 2024. URL: <https://www.socialprogress.org/2024-social-progress-index/> (accessed: 10.03.2024). (In English).

15 Ministerstvo kul'tury i informacii RK. Realizuemye proekty. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/projects/1?lang=ru> (data obrashheniya: 18.01.2024). (In Russian).

16 2023–2029 jyldarğa baғыttalğan turizm salasyn damytu konsepsiasy». QR-ñ Sport және turizm Ministrlyğı. 2023 j. 28 nauryzy, No. 262 qaulysy. URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262 (ötiniş berilgen kün: 3.06.2023)

17 Denisov I.V., Petrenko S.E., Mazhitova S.K., Shabaltina L.V. (2020) Jekonomika vpechatlenij. Upravlenie razvitiem turizma v Kazahstane // Kreativnaja jekonomika. V. 14. No. 12. P. 3686–3696. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekonomika-vpechatleniy-upravlenie-razvitiem-turizma-v-kazahstane>. (In Russian).

18 Shilimbetova G.T. (2018) Shyғarmashylyk industrijany damytu Қазақстанды zhaңғыrtudың basym baryty retinde. Jekonomika zhurnaly: strategija zhәне tazhiribe. No. 1(45). 140 p. URL: <https://esp.ieconom.kz/jour/article/view/158/154>. (In Kazakh).

19 Loguncova I.V. (2022) Ponjatie kreativnogo turizma i ego razvitie v gorodah i regionah Rossii // Jelektronnyj Vestnik MGU. No. 93. P. 197. (In Russian).

20 Duxbury N., Bakas F., de Castro V., Silva S. (2021) Creative Tourism Development Models towards Sustainable and Regenerative Tourism // Sustainability. Licensee MDPI, Basel, Switzerland. No. 13(1). URL: <https://www.mdpi.com/journal/sustainability>, <https://www.mdpi.com/2071-1050/13/1/2>. (In English).

21 Richards G. (2020) Designing creative places: The role of creative tourism // Annals of Tourism Research. Published by Elsevier Ltd. No. 85. R. 1029. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0160738320300669#bb0340>. (In English).

22 Irem Ince Keller. (2021) Koray Velibeyoğlu. The rise and fall of the rural creative class: The case of Alaçatı // City, Culture and Society. Vol. 24. P. 100372. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1877916621000023>. (In English).

23 Pierce Qiang Li, Jason F. Kovacs. (2022) Creative tourism and creative spaces in China // Leisure Studies. No. 41:2. P. 180–197. (In English).

А.А. ОРЫНБАСАРОВА,¹

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: oryn_a@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4457-0481

А.А. АМАНБАЕВА,¹

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: asema.31.1983@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7459-250X

Б.А. КАЛИЯСКАРОВА,^{*2}

м.э.н., ст. преподаватель.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000-0000-0003-4745-9495

¹Алихан Бокейхан университет,

г. Семей, Казахстан

²Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

ВЛИЯНИЕ КРЕАТИВНОГО ТУРИЗМА НА ИНКЛЮЗИВНЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ

Аннотация

Цель исследуемой статьи – составление авторской характеристики значений инклюзивного туризма и креативного развития в инклюзивной экономике на основе анализа научных работ исследователей из стран СНГ и за ее пределами в классификации значений инклюзивного развития и креативного роста при изучении

влияния креативного туризма на инклюзивный экономический рост, выявление, определение данных понятий и величины влияния показателей и уровня приоритетных показателей, связанных с направлением инклюзивного экономического роста, а также определение значимости в удельном весе нескольких показателей. Предлагаются механизмы регулирования, необходимые для формирования необходимого уровня развития креативного туризма при изучении направлений развития в инклюзивном экономическом росте. Актуальность статьи заключается в том, что динамичное развитие туризма в инклюзивном экономическом росте стран мира становится главной темой исследований Организации Объединенных Наций, Организации развития экономического сотрудничества, Мирового банка и всего мира. Развитие креативного туризма приведет к увеличению доли валового внутреннего продукта государств. В этой связи с 2021 года Республика Казахстан взяла курс на развитие креативного туризма по инклюзивному пути в направлении креативной экономики. В ходе исследования статьи применялись методы анализа различных показателей устойчивости, среднеарифметической оценки изучаемых показателей и значимости их удельного веса, экономического и статистического анализа, обобщения, сравнения. В заключении определено влияние нескольких показателей на общую устойчивость, определен приоритетный вес инклюзивных показателей в развитии туризма через полученные результаты, предложен комплексный подход как средство интеграции и систематизации в обеспечении необходимого уровня в развитии туризма.

Ключевые слова: экономический рост, креативный туризм, инклюзивное развитие, регионы, тренд, показатели, туризм.

A.A. ORYNBASSAROVA,¹

PhD, senior lecturer.

e-mail: oryn_a@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4457-0481

A.A. AMANBAYEVA,¹

PhD, senior lecturer.

e-mail: asema.31.1983@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7459-250X

B.A. KALIYASKAROVA,^{*2}

m.e.s., senior lecturer.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000-0003-4745-9495

¹Alikhan Bokeikhan University,

Semey, Kazakhstan

²Narxoz university,

Almaty, Kazakhstan

THE IMPACT OF CREATIVE TOURISM ON INCLUSIVE ECONOMIC GROWTH

Abstract

The purpose of the article is to compile the author's characteristics of the values of inclusive tourism and creative development in an inclusive economy based on the analysis of international works of researchers, classification of the values of inclusive development and creative growth in the study of the influence of creative tourism on inclusive economic growth, to determine the level of priority indicators affecting economic growth, to determine the significance in the proportion of several indicators. The regulatory mechanisms necessary for the formation of the necessary level of creative tourism development in the study of development directions in inclusive economic growth are proposed. The relevance of the article lies in the fact that the dynamic development of tourism in the inclusive economic growth of the world's countries is becoming the main topic of research of the United Nations, the Organisation for Economic Cooperation Development, the World Bank and the whole world. In this regard, since 2021, the Republic of Kazakhstan has also embarked on the development of creative tourism along an inclusive path towards a creative economy. During the research of the article, methods of analyzing various indicators of sustainability, arithmetic mean estimation of the studied indicators and the significance of their specific weight, economic and statistical analysis, generalization, comparison were used. In conclusion, the various effects of several indicators on overall sustainability are identified, the priority weight of inclusive indicators in the development of tourism is determined, through the results obtained, to propose integrated approaches as a means of integration and systematization in ensuring the necessary level in the development of tourism.

Key words: economic growth, creative tourism, inclusive development, regions, trend, indicators, tourism.